

**"Қалжан Ахун ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы"
Сырдария аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №483 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2021 жылғы 3 наурыздағы № 25 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 наурызда № 8176 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды.

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қалжан Ахун ауылдық округінің 2021 – 2023 жылдарға арналған бюджеті туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 483 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8120 нөмірімен тіркелген, 2021 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қалжан Ахун ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті 1, 2 және 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 63294 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 917 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері – 62377 мың теңге;
- 2) шығындар – 63429 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
 - бюджеттік кредиттер – 0;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0;
 - қаржы активтерін сатып алу – 0;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 135 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 135 мың теңге;
 - қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 135 мың теңге."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Сырдария аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы

З. Жаманкулов

Сырдария аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы, мәслихат хатшысы

Е. Әжікенов

Сырдария аудандық мәслихатының
2021 жылғы 3 наурыздағы № 25
шешіміне қосымша

Сырдария аудандық мәслихатының
2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 483
шешіміне 1-қосымша

Қалжан Ахун ауылдық округінің 2021 жылға арналған бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. КІРІСТЕР	63294
1			Салықтық түсімдер	917
	04		Меншікке салынатын салықтар	917
		1	Мүлікке салынатын салықтар	19
		3	Жер салығы	46
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	852
4			Трансферттер түсімдері	62377
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	62377
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	62377
Функционалдық топ				

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама		
		Атауы		
			2. ШЫҒЫНДАР	63429
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22111
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	22111
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21542
		022	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	569
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2145
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2145
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2145
07			Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық	8943
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	8943
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	6943
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1000

08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	19607
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19607
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	19507
		028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	100
12			Көлік және коммуникация	10623
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10623
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	10623
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-135
			6. Бюджет тапшылығын	

			қаржыландыру (профицитін пайдалану)	135
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	135
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	135
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	135

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК